

8

Сұлу Сырдан –
шырайлы
Шығысқа



4

Тау-кен
саласында
Германиямен
ғылыми
әріптестік
орнады



16+

DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады №39 (18547) 25 қыркүйек 2025 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ


5

АССАМБЛЕЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



13

1 қазанға
дейін:
салық төлеп
үлгердіңіз
бе?



6

Гендерлік
саясат –
қоғам
дамуының
айнасы



#ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТАЗАЛЫҚ КҮНІ

Тұрғындар халықаралық экологиялық қозғалысқа қосылды

Өңірімізде халықаралық «World Cleanup Day – Дүниежүзілік тазалық күні» аясында экологиялық сенбілік ұйымдастырылды. Шараға мемлекеттік органдардың қызметкерлері, колледж және мектеп оқушылары, студенттер, еріктілер мен қоғамдық ұйым өкілдері белсенді қатысты.

Облыс орталығындағы Шмелев лог ауданында тазалық жұмыстары жүргізілді. Экология департаментінің баспасөз хатшысы Аружан Мұсаханованың айтуынша, акцияға 200-ге жуық адам шыққан.

– Басты мақсатымыз – үлкен аумақты қоқыстан тазарту. Бұл жер экологиялық проблемаларға жиі ұшырайды. Сондықтан жаңа қоқыс полигондары салынып жатыр, өңдеуші зауыт салу жобасы қаралуда. Бұл шаралар алдағы уақытта экологиялық жағдайды жақсартуға көмектеседі, – деді ол.

Табиғи ресурстар басқармасының қызметкері Әйгерім Мұсабаева да тазалық әр адамнан басталатынын атап өтті.

– Өз үйімізді, ауламызды, қаламызды таза ұстау

«Дидар» ақпарат

#ЗАН

Күдікті кім және оның қандай құқықтары бар?

Қылмыстық процесс – бұл қылмыстық істерді тергеуге бағытталған мемлекеттік органдардың заңмен реттелген қызметі. Осы процестің негізгі қатысушыларының бірі – күдікті. Күдікті – қылмыс жасады дегенге жеткілікті деректер бар деп пайымдалатын адам.

Күдікті – қылмыстық процеске қатысушы, қылмыс жасады деген күдігі бар, әрекеті сараланған адам. Күдікті мәртебесі оны ұстаған сәттен бастап, оған күдік жарияланған немесе бұлтартпау шарасы қолданылған кезден бастап беріледі. Күдіктінің қорғануға құқығы бар, оның ішінде адвокат жалдауға мүмкіндігі бар және ол тергеу әрекеттеріне қатысуға тиіс, ал оның кінәсін дәлелдеу міндеті айыптау тарапына жүктеледі.

Адам күдікті мәртебесін келесі жағдайларда иеленеді: оған прокурормен келісілген күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған кезде, прокурордың күдікті деп тану туралы қаулыны келісуден бас тартуына дейін Қылмыстық-процестік кодекстің 202-бабының 1-2-бөліктерінде көзделген тәртіппен күдікті ретінде жауап алынған жағдайда, ҚПК-нің 131-бабы бойынша, яғни қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталған кезде, прокурор немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурормен келісіп, күдіктінің әрекетін саралау туралы

қаулы шығарған жағдайда, ҚПК-нің 191-бабының екінші – 11-1-бөліктерінде көрсетілген қылмыстық теріс қылықтар немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікпен жауап алынған жағдайда.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі күдіктінің құқықтары ҚПК-нің 64-бабында реттелген. Негізгі құқықтарының бірі – қорғану құқығы. Сонымен қатар ол өзінің ұсталғаны туралы туыстарына және жақындарына хабарлау құқығына ие. Ұсталған адамнан жауап алу ұстағаннан кейінгі 24 сағат ішінде жүргізіледі. Бұл ретте күдіктіге жауап беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі. Күдіктіні жауап беруге мәжбүрлеуге жол берілмейді және басқа да шектеулер қолданылмайды.

Күдіктінің құқықтары мен кепілдіктері – кінәсіздік презумпциясын қорғаудың маңызды тетігі. Бұл күдіктіге оның әрекеттері сараланғанға және сот талқылауы басталғанға дейін өзін қорғау мүмкіндігінен айырылмауы үшін қажет.

Күдіктінің құқықтарын сақтау – Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі маңызды шара. Оның қолданылуы азаматтардың құқықтарын заңсыз шектеуге жол бермеу үшін процессуалдық нормаларды қатаң сақтауды талап етеді.

Жарқын Аринов,

Өскемен қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

да жарияланды.

Аталған хаттамада БКМ-ді автоматты түрде ұлттық тауар каталогына қосу және ФДО тарапынан геокацияны анықтау сервисі көзделген, ол БКМ-нің нақты орналасқан жерін көрсетеді.

Осыған байланысты аппараттық-бағдарламалық кешен болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілерге 2025 жылғы 15 қазанға дейін БКМ функцияларын 2.0.3 нұсқалы хаттамаға сәйкес қайта бағдарламалау қажет.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы (темір қасса) болып табылатын БКМ қолданатын салық төлеушілерге қайта бағдарламалауды 2025 жылғы 15 қарашаға дейін жүзеге асыру қажет.

БКМ-ді қайта бағдарламалау үшін БКМ әзірлеушілеріне және БКМ-ға техникалық қызмет көрсету орталықтарына жүгіну керек.

2025 жылғы 17 қарашадан бастап 2.0.2 нұсқалы ФДО хаттамасын қолдану тоқтатылады.

2025 жылғы 3 қазаннан бастап «Орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін СЭС-3 және СЭС-4 нысандары бойынша жер учаскелерін орман қоры жерлерінің санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыру» жобасы бойынша 20 жұмыс күні ішінде талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «GlobalTurboCompressors» ЖШС, БСН 940440000475, электрондық пошта too.gtc@mail.ru, тел.: +7 701 635 6391.

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ тел.: 87232 25-72-06, primnaya_upripvko@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/about?lang=kk>, <https://ndbecology.gov.kz/g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz>

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

1. Жобаның атауы: ШҚО, Риддер қаласының әкімшілік бағынысты аумағында орналасқан орман шаруашылығының тасты-қиыршық-құмды қоспасы кен орнын өнеркәсіптік игеру жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

2. Аумағына әсер ету: Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы. Учаскенің географиялық координаттары: 50°18'56,5»83°23'45,7»;50°19'02,0» 83°23'42,3»; 50°19'03,5» 83°23'50,1»;

3. Қоғамдық тыңдауды өткізу орны, күні және уақыты: 03.11.2025 жылы сағат 11.00-де ШҚО, Риддер қ., Безголо-сов к-сі, 9 (конференц-зал) мекенжайы бойынша. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

4. Бастамашысы: Тимошенко Константин Иванович, 071300, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ., 91-квартал, №35, 28, 750831302014, 87771481755 үй, timoshenko3108@mail.ru.

5. Әзірлеуші: «Домашев» ЖК, ЖСН 150640001376, индекс 070003, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі 31/1-74, тел. 8 (705) 5205100, e-mail: vvo@mail.ru

6. Құжаттармен танысу үшін Бірыңғай экологиялық порталға (БЭП) және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсына сілтеме, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулардың хаттамалары:

- <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Қоршаған орта және табиғи ресурстар жай-күйінің ұлттық деректер базасы» ақпараттық жүйесінде: «Ашық отырыстар» бөлімі;

- <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/press/article/1?directions=3727&lang=ru>,

«Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

7. Материалдар бойынша қосымша ақпарат, электрондық пошта мекенжайлары: vb.akimat@yandex.kz және inpeco@mail.ru. телефондар: +7(705) 7697659, +7 (777) 8502343.

8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: ЖАО «ШҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ q.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехт көшесі, 19, тел. 8 (7232) 25-72-06.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіз: <https://us05web.zoom.us/j/84121310990?pwd=SrgZcOIlGWeUaUsalqbNwatYt1rl0y.1>

Конференция идентификаторы: 841 2131 0990
Кіру коды: 0JHUJR

ХАБАРЛАНДЫРУ

17.10.2025 жылдан бастап «ECOSORB» ЖШС үшін Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында орналасқан Таганское кенорнында керамзит саздарын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарын жою жоспары» жобасы бойынша 10 жұмыс күні ішінде талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда ndbecology.gov.kz «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші - «ECOSORB» ЖШС, БСН 2209400447033. Мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Қайрат шағын ауданы, 17 көше, 127 үй, тел. 8 (778) 648-43-42, E-mail: baysu999@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ тел.8(7232)25-73-20

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22,
87772397682
ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:
MARKETING@ALTAINNEWS.KZ

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

Қаирбек Сиябекович Агиеков (туған жылы 09.05.1951) 07.03.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Д.Амреноваға ШҚО, Өскемен қ., Әуезов даң., 9-62 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел.: 8 (7232) 280-437, 8-777-496-65-64.

Нафиса Байғалиевна Даирбаева (туған жылы 29.01.1954), ШҚО, Өскемен қ., Жаңа Ахмер ауылы, №1 Әскери қалашық аумағы, 2-53 мекенжайында тұрған, 16.02.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар бір ай уақытына дейін нотариус А.М.Шәкеноваға ШҚО, Өскемен қ., Сәтпаев даң., 4 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел. 8 (7232) 612-339.

«Шығыс Қазақстан облысының авиациялық бөлімшесі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ұжымы кәсіпорын директоры Қалиқан Байғозынұлы Байғонусовқа және оның отбасы мен жақындарына анасының орны толмас қазасына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.